Қоғамдық-саяси және ақпараттық-жарнамалық газет
Халық ақпарат
www.halykakparat.kz
№132 (464) от 21.07.2018 г.

Абай ауданының Көксу ауылында дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынады

Абай ауданының Көксу ауылында 160 орынға шақталған жаңа дене шынықтыру-сауықтыру кешені пайда болады. 7-ші шілдеде мұнда болашақ құрылыстың алғашқы тасы қаланды. Іргетастың қалану салтанатына Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов қатысты.

Дене шынықтыру-сауықтыру кешені құрылысының бастамашысы мен ұйымдастырушысы – «Шанс» ШҚ басшысы, кәсіпкер Игорь Жабяк.

- Біздің облыста «Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыру үшін көптеген жұмыстар атқарылып жатыр. Тұрғындар да, шаруа қожалықтары да, кәсіпкерлер дебұл ретте көмектерін аямауда. Көз алдарыңызда тұрған бір мысал – сіздердің жерлестеріңіз Игорь-Васильевич Жабяк, дене шынықтыру-сауықтыру кешенін салуды ұсынды. Әрине, біз ол кісіні қолдай кеттік, бұл «Рухани жаңғыру» бағдарламасын сөзбен емес, әспен жүзеге асырудың мысалы. Бұл Игорь Васильевичтің туған жеріне, бүгінгі таңда табысты кәсіпкер болуға көмегін тигізген жеріне деген алғысы. Сіз – еліміздің нағыз патриотысыз, бұл шынымен де айтарлықтай әрекет – Көксу ауылының барлық тұрғындарына осындай спорт кешенін салып бергелі отырсыз. Бұл жобаның сәтті аяқталуына тілектеспін. Бір жылдан соң оның ашылуында бас қосамыз деп үміттенемін, - деді Ерлан Қошанов дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің алғашқы тасын қалау салтанатында.

Құрылыс жұмыстарын 2019-шы жылдың желтоқсанына қарай аяқтау жоспарланып отыр. Кешен 160 орынға шақталған. Жобның құны – 250 млн теңге, ол «Шанс» ШҚ жеке қаражаты. Екі қабатты спорт кешені ғимаратының жалпы ауданы 1296,7 м2.

Бірінші қабатта 30 да 18 метрге созылған баскетбол, шағын футбол, воллейбол секілді ойын спорт түрлеріне арналған зал болады. Мұнда жуынатын кабиналары бар шешінетін бөлмелер орналасады. Сондай-ақ ғимаратта жаттығу залы жабдықталады. Екінші қабатта күреске арналған зал салынбақ.

- Біз бүгін осы бір тамаша нысанның алғашқы тасын қалау салтанатына жиналып отырмыз. Бұл жобаға қатысатындардың, құрылысқа қыруар қаражат бөлетіндердің барлығына алғысымыз зор. Біздің аймағымыздың тұрғындарының денсаулығын ойлағандарыңыз үшін үлкен рахмет. Біз, жаттықтырушылар, балаларымыз спортпен шұғылданып, өз дарындарын дамытулары үшін қолымыздан келгеннің барлығын жасауға уәде береміз, - деді Қазақстанның еңбек сіңірген жаттықтырушысы, Абай ауданының Құрметті азаматы, балалар спорт мектебінің негізін қалаушы Андрей Райш.

Қарағанды облысында Елбасының бастамасын қолдай отырып, бизнес-қауымдастықтың өкілдерін «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» бағдарламасын жүзеге асыруға шақырады. Абай ауданында көптеген бизнесмендер мен кәсіпорын жетекшілері бұл үндеуге жауап беріп, әлеуметтік бағыттағы жобаларды орындауға қатысуда.

- Мен бұл кешенді тек қалаларда ғана емес, ауылдарда да адамдарда спортпен шұғылдануға мүмкіндік болсын деген ниетпен салуды ұйғардым. Ауылдық жерлерде адамдардың өмірі еш кем болмауы тиіс, жстар, Көксу ауылының жас тұрғындары көшіп кетпей, туған жерлерінде қалса екен деймін. Мен де кезінде осында қалған едім. Қазіргі жастар спортпен шұғылданса екен дейміз. Мен Қазақстанның патриотымын, оның дамуына өз үлесімді және осындай ізімді қалдырғым келеді, - деді «Шанс» ШҚ басшысы Игорь Жабяк.

Фото: karaganda-region.gov.kz

Қараганды облысының Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының жаңа басшысы тағайындалды

Қараганды облысының Еңбек инспекциясы жөніндегі басқармасының жаңа басшысы тағайындалды. Бұл қызметті Қанат Балсариев атқаратын болады.

Балсариев Қанат Шарапбекұлы 1976-шы жылы 24 тамызда Өзбек КСР Бұқар облысында дүниеге келген. 1998-ші жылы Қазақ құқықтану және және халықаралық қатынастар институтын тәмамдаған.

Еңбек жолын 1993-ші жылы Өзбекстан Республикасының Науаи облысының Тамдын ауданының №6 орта мектебінде зертханашы ретінде бастаған.

1996-дан 1997-ші жылға дейін Приозерск қаласында БТКҚК 11 тергеуші болып жұмыс істеген. 2003-ші жылдан 2010-шы жылға дейін Теміртау Ішкі істер басқармасында қызмет атқарған. 2011-ші жылы мемлекеттік қызметке, «Бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі Комитеттің бақылау және әлеуметтік қорғау жөніндегі департаменті» ММ орналасқан.

Фото: karaganda-region.gov.kz

2013-ші жылы Қарағанды облысының Еңбек инспекциясы бойынша басқармасына жетекші маман қызметіне орналасты, 2014-ші жылы бөлім бастығы болып тағайындалды.

2015-ші жылдан 2016-шы жылға дейін Қарағанды облысының Еңбек инспекциясы бойынша басқарасы бастығының орынбасары қызметін атқарды, 2016-шы жылдан бастап қазіргі тағайындалуға дейін жетекші міндетін атқарды.

Кәмелетке толмаған қарағандылық жалған куәгерлік үшін сотталды

Қарағанды облысының кәмелеттік жасқа толмағандар істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотында 17 жастағы жігіт жалған куәлік еткені үшін айыпталды. Бұл туралы ekaraganda.kz сайты аталмыш соттың баспасөз қызметіне сілтеме жасап хабарлады. Сотта 17 жастағы П. ауыр қылмысқа қатысты іс бойынша кәугер ретінде жауап алу кезінде көрінеу жалған мәліметтер берді деп айыпталды. Іс деректеріне сәйкес, 2017 жылы ол кезде 16 жаста болған кәмелетке толмаған П. сотта қарақшылық шабуыл жасағанын айтып, «кінәсін» мойындаған.

Ол мұндай қадамға танысын түрмеден құтқарып қалу үшін барған. Ол соттың, прокурор мен адвокаттардың жалған куәгерлік үшін жауапкершілікке тарту қарастырылатыны туралы ескертуіне құлап аспай, райынан қайтпаған. Енді П. ҚР Қылмыстық кодексінің 420-бабы бойынша жауапкершілікке тартылды. Ол 5 жылға шартты түрде бас бостандығынан айырылды және оған 1 жылға пробациялық бақылау белгіленді.

inform.kz

Қарағанды облысында 36 отбасы баспаналы болды

Астананың мерейтойы Абай қаласында тұратын 36 отбасы үшін ерекше болды. Осы күні олар өздерінің жеке баспанасына қол жеткізді. Жаңа пәтерлердің кілтін қоныстанушыларға облыс әкімі Ерлан Қошанов табыс етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат облыс әкімінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

- Бірінші кезекте, барлықтарыңызды елордамыздың 20 жылдығымен құттықтағым келеді. Бұл тек астаналықтар ғана емес, бүкіл қазақстандықтардың мерекесі, - деді аймақ басшысы. - Әр отбасы үшін ең бастысы - өзінің жеке баспанасы болғаны, ол нағыз бақыт. Бүгінгі таңда біз Абайдың және жалпы ауданның тұрғындары үшін көптеген жұмыстарды жасап жатырмыз. Қаланың қалай гүлденіп келе жатқанын байқаған шығарсыздар. Бірінші кезекте біз тұрғындардың жағдайын жақсарту үшін әлеуметтік нысандарды салудамыз. Жуырда ғана жүзу бассейнін іске қостық, қазіргі таңда белсенді түрде дене шынықтыру-сауықтыру кешені салынып жатыр, 100 орынға шақталған жатақхана салынады деп жоспарлануда. Сондай-ақ біз тұрғын үй салуды жалғастыра береміз. «Нұрлы жер» бағдарламасының арқасында биыл екі үйдің құрылысы аяқталды, және де алғаш рет тұрғындар өз баспанасына ие болды. Ал бүгін 36 қоныстанушыға кілттерін табыс етіп отырмыз. Сіздерді шын жүректен құттықтаймын, жаңа үйлеріңіз бақытқа толсын. Мердігерлердің айтуынша, екі көпқабатты тұрғын үйдің құрылысына бір жыл уақыт кеткен екен. - Біз 2017 жылы тамыздың соңында жұмыстарымызды бастадық. Бір жылға жетер-жетпес уақытта 72 пәтері бар екі үйдің құрылысын аяқтадық. Бірінші үйге адамдар қоныстанды, тұрғындар өз баспаналарын мамыр айында алды. Бүгін біз екінші үйді қолданысқа беріп, жаңа қожайындарға пәтер кілттерін табыс етіп жатырмыз. Барлық жұмыстар 100 пайыз орындалды. Құрылыс барысын біз және Абай ауданы әкімдігі бақылап отырдық. Барлық материалдар - отандық өнім. «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша шамамен 600 млн теңге жұмсалды. Үйлерде бір, екі және үш бөлмелі пәтерлер бар. Жақын болашақта маңындағы аумақты абаттандырамыз, орындықтар мен қоқыс жәшіктері орнатылады, - деді «ККК ЛТД» ЖШС коммерциялық директоры Иван Малюшенко. 36 пәтерлі 9 қабатты тұрғын үйдің жалпы ауданы - 2000 м2, пәтерлердің ауданы - 1904 м2. - Менің II топ мүгедектігі бар қызым пәтер алды, өте қуаныштымын. Біз кезекте 9 жыл тұрдық. Енді міне, баспанаға қолымыз жетіп, облыс әкімінің қолынан пәтер кілтін алып отырмыз. Барлықтарына, бірінші кезекте еліміздің ПРезидентіне, облыс әкіміне және Абай ауданы әкімдігіне бізді қолдағаны үшін, көмектескені үшін алғысымды айтамын,- дейді Раиса Мұқанова. Абай ауданы ТКШ бөлімі мамандарының айтуынша, баспана «Нұрлы жер» бағдарламасының төрт бағыты бойынша берілді. - Ол әлеуметтік қамсыздандырылмаған тұрғындарға жекешелендіру құқығысыз жалға баспана беру. Пәтер иелері ай сайын коммуналдық төлемдермен қоса, жалға алу ақысын төлеп отырады, мысалы, бір бөлмелі пәтер үшін 6000 мың теңге. Бізде пәтерге кезекте 1870 адам тұр. Соңғы рет кезекте тұрғандар баспананы 2013-ші жылы мүлікті түгендеу барысында алған болатын. 2019-шы жылы 80 пәтерлі 5 қабатты тұрғын үй салу жоспарланып отыр, - деп мәлімдеді Абай ауданы әкімдігінің ТКШ бөлімінің маманы Дина Гусамова. Жаңа үйден пәтерлер жетім балаларға, көпбалалы отбасыларға, жалғыз басты аналарға, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға да берілді. - Жалғыз өзім үш баланы асырап отырмын. Үлкен ұлым 21 жаста, ортаңғы балам 17-де және кенжем 2 жаста. Бізде бүгін бақытты күн, біз 9 жыл бойы күткен баспананы алып отырмыз. Осыған дейін бізде тұрақты баспана болған жоқ, әрдайым не жалға алатынбыз, не болмаса ата-анамның қолында тұрып келдік. Ал енді өзіміздің үйіміз пайда болды, біз қатты қуанып отырмыз, осы сәтке жеттік-ау. Енді әр баламның өз бөлмесі болады. Біздің пәтеріміз өте кең және жарық, - дейді Наталья Столбова.

inform.kz

Қарағандылық теміржол тұйықтары толығымен көмірмен толтырылды

Фото: karaganda-region.gov.kz

Қарағандылық теміржол тұйықтары көмірмен толтырылды. Қала тұрғындарына қара отынды сатып алуды көпке созбау ұсынылып отыр.

Аймағымыздағы коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған көмірді жеткізу мәселесі жайлы Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Алмас Айдаров баяндады.

Қарағандыда қатты отынды өндіру және жеткізу мәселелері бойынша жиналыс өтті. Оның қорытындысы бойынша Қарағандыдан еліміздің басқа аймақтарына жіберілетін көмірдің көлемі мен жеткізу кестелері бекілітді. Биылғы жылы қатты отынды өндіру көлемі ұлғайтылады деп жоспарлануда – тек «Шұбаркөл көмір» АҚ бассейндерінде ғана коммуналдық-тұрмыстық қажеттіліктерге арналған 4,8 млн тонна көмір шығару көзделіп отыр, өткен жылы оның көлемі 3,9 млн тонна болған еді.

- Қарағанды облысына келер болсақ, біз көмір сатылатын барлық теміржол тұйықтарының жағдайын тексеріп шықтық, онда мүлікті түгендеу жұмыстарын өткіздік. Барлық жерлерде техника саны жеткілікті, тұйықтар көмір қабылдауға дайын. Облыс бойынша 10-шы шілдеге дейін барлық тұйықтарды кем дегенде 50 %-ға толтыру туралы тапсырма берілді. Әзірге ол тапсырманың орындалғаны туралы тек Қарағандыдан ғана жауап келді. Мұнда үш теміржол тұйықтары бар, олардың барлығы 100% көмірмен толтырылған. Аталмыш көмір халыққа сатылады. Облыстың басқа да 23 тұйықтары туралы есепті ертең аламыз деп отырмыз, - деп мәлімдеді аппараттық жиналыс барысында Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Алмас Айдаров.

Аймақ басшысы Ерлан Қошанов бұл мәселені бақылауда ұстап, сауда нүктелерінің қатты отынмен толтырылудың мерзімдері мен көлемі туралы оған есеп беріп отыруды тапсырды. Сондай-ақ ол қалалар мен аудандардың әкімдеріне күз айларында көмір сатып алуға қатысты дүрбелең болмау үшін халықпен әңгіме жүргізуді тапсырды.

Шылым шеккен қарағандылықтарға 32 млн теңге айыппұл салынды

Қарағандыда темекі тартқандар 32 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Алты айда жиналған айыппұлдың сомасы осындай, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі. Қарағанды облыстық ішкі істер департаменті өкілдерінің айтуынша, 2018 жылдың басынан бері алты мыңға тарта адамға айыппұл салынған. Адамдар көбінесе үйлердің кіреберісінде, көпшілік демалыс орындарында және мемлекеттік ұйымдарда шылым тартып, заңды бұзады. Қарағанды облысында көпшілік демалыс орындарында темекі тартқан 192 тұрғын жауапқа тартылған. Мемлекеттік ұйымдарда темекі тартқан 274 адам, білім мекемелерінде 988 адам, үйлердің кіреберісінде темекі түтінін бұрқыратқан 2074 адам әкімшілік жауапқа тартылған.

inform.kz

Қарағанды облысында «Айбын-2018» әскери-патриоттық жиын басталды

«Айбын-2018» әскери-патриоттық жиын Қарағанды облысының Спасск полигонында өтіп жатыр. Оған республикамыздың 14 облысы мен Астана және Алматы қалаларының әскери-патриоттық клубтарының, кадет сыныптары мен мектептерден 544 тәрбиеленушілер келіп, қатысуда.

«Айбын» жиыны Қарағанды облысында осымен төртінші рет өткізіліп отыр. Биылғы жылы ол 21-ші шілдеге дейін жалғасады. Шараның ашылу салтанатына арнайы қонақ ретінде ҚР мемлекеттік хатшысы Гүлшара Әбдіқалықова мен Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов қатысты.

- Бізді Қазақстан Республикасының қарулы күштерімен өмірлерін сабақтастырғысы келетін жас жігіттер мен бойжеткендердің оптимизмі мен ынтасы өте қуантады. Елбасы: «Мемлекет шекаралардың қауіпсіздігі мен қол сұқпаушылығы туралы ойлауі тиіс» деген. Сондықтан әрбіріміз отанымызды қорғауға шығатын жауапты және құрметті миссияға әрдайым дайын болуымыз керек. Бұл патриоттық және құрметке ие мамандық. Барлықтарыңызға үлкен табыс, жеңіске деген үміттеріңіз сөнбеуін, қазақстанның патриоты болуларыңызды тілеймін, - деді Мемлекеттік хатшы өзінің құттықтау сөзінде.

Аймақ басшысы қатысушыларға жиындарда пайдалы машық алып, күштерін сәтті сынақтан өткізуін тіледі, сондай-ақ осындай ауқымды шараны өткізу – Қарағанды облысы үшін үлкен сенім, жәнеде бір мезгілде зор жауапкершілік екенін атап өтті.

- Біреулер «Айбынды» патриоттарды жасап шығаратын шеберхана деп атапты. Менің ойымша, бұл ең дәл теңеу. «Айбыннан» өткен жасөспірімдер қарулы күштер қатарына қосылуға талпынатын болады. Бірінші житындардың қатысушылары қазіргі таңда қазақстандық әскердің қатарында қызмет етіп жатыр. Осы жерде алған тәжірибелері мен машықтары оларға үлкен көмек болып табылады, - деді ол.

Шараның ашылу салтанатынан соң, әскери жиынның қонақтары мен қатысушылары үшін «Астана» аймақтық қолбасшылығының әскерилері танк, брондалған автокөліктер, тікұшақтар және әскери ұшақтар секілді әскери техниканы жұмылдыра отырып көрнекті әскери қойылымдар ұйымдастырды. Сценарий бойынша Қазақстан шекарасына ланкестер еніп кетіп, оларды тоқтату керек болды.

Сонан соң қонақтар үшін экскурсия ұйымдастырылды, онда қазақстан әскері сарбаздарының киім үлгілері, жабдықталуы мен экипировкалары көрсетілді, сондай-ақ еліміздің қарулы күштерінде қолданылатын әскери техника мен құрылғылар ұсынылды.

Экскурсия аяқталған соң Қарағанды облысы әкімдігі мен ҚР Қорғаныс министрлігі және «Жас Сарбаз» республикалық әскери-патриоттық бірлестіктің арасында өзара әріптестік туралы меморандумға қол қойылды.

Сол күннің кешінде жиын қонақтары мен қатысушылар тағы бір, бірақ ресми емес кездесу өткізді. Жасөспірімдер Гүлшара Әбдіқалықова мен Ерлан Қошановқа жастық шақтары, сүйікті кітаптары және көшбасшылық қасиеттері туралы сұрақтарын қойды. Бұл әңгімеден соң жиналғандар алдында танымал қазақстандық әнші ADAM өнер көрсетті. Кеш соңында мерекелік отшашу болды.

Алдағы күндері қатысушыларға әскери-қолданбалы спорт түрлері бойынша сайыстарда, тактикалық ойындарда, «Айбын Дарыны» зияткерлік ойынында алғырлықтарын көрсетіп, сонымен қатар «Өнші Айбын» мега-фестиваліне қатысу керек болады. Сайыстардың қорытындысы бойынша ең үздік командалар мен ерекшеленген қатысушылар марапатталады. Сыйлықтар ретінде ұйымдастырушылар спорттық тренажерлер, үй кинотеатрлары мен қазіргі заманғы стерео-жүйелерді дайындаған.

karaganda-region.gov.kz

Фото: karaganda-region.gov.kz

Қазақстан құрамасы Қарағандыда өткен кёкушинкай каратэ бойынша балалар-жасөспірімдер Чемпионатында екінші орын иеленді

6 шілдеде Қарағандыда кёкушинкай каратэ бойынша балалар-жасөспірімдер арасыеда III Әлем Чемпионаты өтті. Оған 17 елден келген 150-ден астам спортшы қатысты.

Сайыстың алдында Қарағанды облысының әкімі Ерлан Қошанов Халықаралық каратэ ұйымының директоры шихан Шичинохе Ёшигерумен және түрлі елдердің ұлттық каратэ федерацияларының жетекшілерімен кездесті.

- Осындай ауқымды спорт шарасын тамаша ұйымдастырып отырған сізге және Бүкілқазақстандық кекушинкай каратэ ұйымының президенті шихан Тәжімұрат Ниязбековке үлкен алғысымды білдіргім келеді. Сондай-ақ барлық қаратешілерге, осы шараға үлес қосқан барлық адамдарға да рахме айтамын, - деді шихан Шичинохе Ёшигеру аймақ басшысына. – Мен каратэ ең бастапқыда жапон спорт түрі болғанына қарамастан Қазақстранда жақсы сіңісіп кеткеніне өте қуаныштымын. Жәнеде бұл жекпе-жек түрі сіздердің елдеріңіздегі жастардың дамуына үлес қосып келеді. Дүниежүзілік каратэ ұйымының президенті ретінде мен біздің тарапымыздан Қазақстанда, оның ішінде сіздердің аймақтарыңызда каратэнің дамуына барынша қолдау жасалатынына уәде беремін.

Ерлан Қошанов «Қазақстанда барлығы белсенді түрде спортпен шұғылданатынын, жәнеде оған Президентіміздің өзі үлге болып отыр», деп атап айтты.

- … Ал каратэге келер болсақ, жақын арада бұл спорт түрімен Жапонияға қарағанда біздің елде көбірек адам айналысуы әбден мүмкін. Барлығы соған бара жатыр, - деді аймақ басшысы.

Ресейдегі Кёкушинкай каратэ Одағының Президенті Александр Крамышевтің айтуынша, ол және оның әріптестері Бүкілқазақстандық ұйымнан үлгі ала отырып, өздерінде де каратэ аула мектептерін ашуға дайын.

- Біз үшінші рет халықаралық дауыс беру арқылы чемпионаттың өтетін орны Қазақстанда болады деп шешім қабылдап отырмыз. Шнымен де, бұл жерде осы спорт түрінің дамуына үлкен назар аударылуда. Сондай-ақ біз әр аулада каратэні дамыту бойынша жобаны жүзеге асырып отырған Бүкілқазақстандық кекушинкай каратэ ұйымынан үлгі алғымыз келеді. Ресейде де осысекілді жобаны ұйымдастырсақ екен дейміз, - деді Александр Крамышев.

Чемпионаттың ашылу салтанатына Қарағанды облысы әкімінің орынбасары Жандос Әбішев, ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі Комитет төрағасының орынбасары Бекболат Байжанов, Халықаралық каратэ ұйымының директоры шихан Шичинохе Ёшигеру, «Бүкілқазақстандық Кёкушинкай каратэ ұйымы» АҚҰ жетекшісі Тәжімұрат Найзабеков, Қарағанды облысының Дене шынықтыру және спорт басқармасының жетекшісі Дмитрий Карпов және басқа да құрметті қонақтар қатысты.

- Құрметті қонақтар мен спортшылар, Қарағандыға қош келдіңіздер, Қазақстанға қош келдіңіздер. ҚР Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлының атынан Халықаралық крктэ ұйымына чемпионатты біздің елімізде өткізуге мүмкіндік сыйлағаны үшін алғысымызды жеткізуге рұқсат етіңіздер. Біз үшін ол үлкен мәртебе, - деді өзінің құттықтау сөзінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігінің спорт және дене шынықтыру істері жөніндегі Комитет төрағасының орынбасары Бекболат Байжанов.

Сайыстар С. Сәпиев атындағы Бокс орталығында өтті. Жекпе-жектерге 12 – 17 жас аралығындағы спортшылар қатысты, олар үш жас топтары бойынша және 15 салмақ дәрежесі бойынша бақ таластырды. Қыздар арасында алты және ұлдар арасында тоғыз салмақ дәрежесі болды.

Төрелік әділ және тең құқылы болуы үшін рефери бригадасы «бір елден бір төреші» принципі бойынша жинақталды.

Чемпионат қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы екінші орынды иеленді. Бірінші орын Жапония құрамасына бұйырды. Үшінші – Ресей құрамасына берілді. Барлық қатысушылар естелік сыйлықтар алды, ал жеңімпаздарға кубоктар мен медальдар табыс етілді.

- Бұл чемпионат кёкушинкай каратэ әлем бойынша қаншалықты танымал екенін көрсеттті. Осы спорт түрімен ересектер де, балалар да айналысады. Тіпті балалар және жасөспірімдер арасында осындай жоғары деңгейде сайыстар өткізіледі, - дейді Жапония құрамасының бас жаттықтырушысы Миаги Такеши. – Әрине, жас жапондық спортшыларға ұлт құрамасына еніп, өз елінің намысын қорғау үлкен мәртебе болып саналады. Жапония командасының қатысушылары – біздің ұлттық чемпионаттың чемпиондары мен күміс жүлдегерлері. Құрамада 21 спортшы бар. Біздің балалар каратэмен шамамен 4-+5 жасынан бастап айналыса бастайды. Олар аптасына алты күн жаттығып, жексенбі күндері ғана демалады. Осы чемпионатта біздер үшін басты мықты қарсыластар қазақстандықтар болды, олар жай ғана турнир иелері ғана емес, сонымен қатар өте мықты құрама екенін көрсетті.

Кёкушинкай каратэ бойынша балалар-жасөспірімдер Чемпионаты Қазақстанда осымен үшінші рет өткізіліп отыр. Бірінші сайыс 2014-ші жылы Ақтау қаласында, ал екіншісі 2016-шы жылы Астанада өткен болатын.

https://karaganda-region.gov.kz/

Қарағанды зообағы толықтай қайта жасалады

ҚазАқпарат - Қарағандының жануарлар бағында күрделі жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Болашақта тәлімбақ аумағында заманауи ғимарат, қаумалдар, қашалар, жасанды шығанақтар мен көлдер пайда болады. Жануарларды ұстау шарттары мен оларды көрсету қағидалары да толығымен өзгеретіні күтілуде, деп хабарлайды ҚазАқпарат тілшісі қала әкімдігінің баспасөз қызметіне сілтеме жасап.

«Қайта құру жобасын «Гражданпроект» институтының қызметкерлері зоолог мамандардың қатысуымен жасады. Зоопарктің аумағында жөндеуге жатпайтын ескі, апаттық ғимараттарға демонтаж жасау басталды. Оның орнына жануарларды қыста ұстайтын жаңа нысан тұрғызылады. Барлығы заманауи, инновациялық талаптарға сай жасалады», - деп атап өтті баспасөз қызметінен. Қарағанды зообағы толықтай қайта жасалады

Жоспар бойынша жаңа ғимарат холының орталығында үш қабаттан тұратын атриум болады. Келушілер бірінші қабаттан қолтырауын мен тасбақаларды көре алады. Екінші қабатта аквариумдардағы балықтар, рептилиялар мен құстар болады. Үшінші қабатта 46 адамға арналған көрме залы мен конференц-зал орналасады.

Құрылыстың мерзімі - 16 ай.

Қарағанды зообағы - Қазақстандағы ең ескі хайуанаттар бағының бірі, мемлекеттік маңызы бар парк. Оның іргесі 1938 жылы қаланған.

www.inform.kz

Ұлытауда «Жезкиік» фестивалі өтіп жатыр

ҚазАқпарат - Ұлытауда «Жезкиік» I Халықаралық музыка фестивалі өтіп жатыр. Бұл ерекше музыкалық шараның қонақтары бүгін фестивальдің өтетін жеріне келіп, баспасөз мәслихатын өткізді. Бұл туралы ҚазАқпарат облыс әкімінің сайтына сілтеме жасап хабарлайды.

Бүгін фестивальге қатысуға келген музыкалық ұжымдар мен ұйымдастырушылардың қатысуымен баспасөз мәслихаты өтті.

«Осы секілді фестиваль сіздерде бірінші рет өткізіліп жатқанына қарамастан, ол өте жоғары деңгейде ұйымдастырылған. Жәнеде ол барлығымызды қуантады. Осыған дейін мен Орталық Азияда үш рет осы секілді фестивальдер ұйымдастырған болатынмын. Олардың барлығында қазақстандық топтар ең үздіктер қатарында болды. Сондықтан мен осы шараға басқа елдің ұжымдарын өуана алып келіп, олардың өнерін ортаға салмақшымыз, - деді фестиваль қатысушыларының менеджері Наринэ Григорян.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, барлық музыканттар шараның облыс орталығына шалғай жерде өтетініне қарамастан, «Жезкиік» фестиваліне қатысуға зор қызығушылық танытқан екен. Барлық ұжымдар үшін алдын ала фестиваль бағдарламасы құрылып, таратылған. Сонымен қатар шараның өтетін жері туралы да ақпарат жіберілген.

Барлығы фестивальге 11 музыкалық ұжымдар, 92 қатысушы келген. Олардың өнерін тамашалауға 6 мыңға жуық көрермен жиналады деп жоспарлануда. Олардың қатарында Қарағанды, Жезқазған, Сәтпаев және Ұлытаудың тұрғындарымен қатар Алматы және Астана қалаларынан арнайы қонақтар келмек.

Фестиваль шығармашыл ұжымдардың кәсіби деңгейін көтеру және тәжірибе алмасу, фольклорлық және классикалық музыканың жаңа орындаушыларына қолдау көрсету, халық мәдениетін сақтау және дамыту, дарынды шеберлерді анықтау, жақын және алыс шетелдермен мәдени байланыстарды дамыту және нығайту мақсатында ұйымдастырылған.

www.inform.kz

Қарағанды кітапханалары электронды жүйеге көшіп жатыр

ҚазАқпарат - Қарағандылық кітапханалар электронды үлгідегі жұмыстарға ауысып жатыр. Бұл туралы Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар мен құжаттама басқармасының жетекшісі Еркебұлан Ағымбаев мәлім етті, деп хабарлайды ҚазАқпарат әкім сайтына сілтеме жасап.

Оқырмандарға ыңғайлы болу үшін кітапхана қорындағы кітаптар цифрланып, ғаламторға жариялануда.

«Сандық жүйеге ауысқан кітапханалар бүгінгі таңда ең тиімді және сұранысқа ие ресурстар болып табылады. Кітапхана қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың жылдам дамуы халық арасында сұранысқа ие. Қарағанды облысында электронды кітапхана қолданушаларының саны жыл басынан бері 64772 адамды құрады»,-дейді Еркебұлан Ағымбаев.

Электронды форматқа ауысы бойынша жұмыстар бірнеше жыл бұрын басталған.

«Бұл бағытта біздің кітапхана бұрыннан жұмыс жасап жатыр. Кітапдарды цифрландыру бір жағынан қорды сақтау үшін қажет. Бүгінгі кітапхана 80-90 жылдардағы кітапханадан ерекшеленеді. Қазір бізде барлық жерде компьютерлер тұр, 2003-ші жылдан бастап электронды каталог жұмыс жасайды, ғаламторда кітапханамыздың сайты бар, оқырман залында wi-fi жұмыс істейді. Мұның барлығы оқырмандарымыз үшін жақсы жағдайлар жасау және алға жылжу үшін қажет»,-деп түсіндірді «Абай атындағы Қарағанды облыстық балалар кітапханасы» КММ жетекшісі Баян Уатаева.

Кітапхана сайтында оқырмандар оқуға алған кітаптың мерзімін ұзарта алады, ккеңесшіге сауал қойып, кітапханада өтетін акциялар туралы біле алады.

Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы да электронды жұмыс форматына ауысып жатыр.

- Біз 2002-ші жылы өлкетану бойынша кітаптарды электронды форматқа ауыстыра бастадық. Осылайша біз виртуалды кітапханаға жылжудамыз. Дегенмен, кітапхана өз қызметін жоғалтпайды, ол - әңгімелесу орны, кітаптар қоймасы және білім ортығы болып қала береді. Бізде «Сары-Арқа» электронды кітапханамыз бар, әр оқырман ол жерден облысымыздың тарихына қатысты кез келген мақаланы немесе кітапты ала алады,-дейді Н.В.Гоголь атындағы Қарағанды облыстық әмбебап ғылыми кітапхананың ғылыми хатшысы Валентина Пак.

Оның сөзінше, электронды кітапхананы құру кезінде олардың мақсатты және оқырмандық негізін, құрамын және құрылымын, электронды құжаттардың каталогизациялық технологиясын, бағдарламалық қамсыздандыруы мен басылымдарды жинау басымдығын ескеру керек.

«Электронды кітапхананы ұйымдастырудағы басты мәселе, ол - авторлық құқық. Біз жарияланғанына 70 өткен, оның өзінде жазушының мұрагерлері қарсы болмаса ғана кітапты цирфландырып, ғаламторға сала аламыз. Электронды формат - заманауи кітапханаларды дамытудың негізгі басымдығы»,-дейді Валентина Пак.

Виртуалды кітапхананы жасауда қызметкерлерге кедерді келтіретін тағы бір мәселе - ол кадрлар мен материалдық-техникалық базаның жетіспеуі.

Қарағанды облысының мәдениет, мұрағаттар мен құжаттама басқармасының мәліметтері бойынша 2018-ші жылы облыс бойынша кітапханаға тіркелгендер саны 144 207 оқырманды құрайды. Олардың 52 371 ауылдық жерлерде тұрады.

www.inform.kz

Меншік иесі: «Халық Ақпарат» ЖШС **Мерзімді баспасөз басылымдарын және (немесе) ақпарат агенттіктерін есепке алу туралы №15964-Г куәлігін 15 сәуір 2016 ж**

ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитеті берген. Бас редактор: Тұрсынбеков К.Н **Газет ЖК Карасташева Яна Леонидовна** баспаханасында басылды. Қарағанды қ-сы, Пичугина к-сі 255а, тел.: 8 (7212) 47-86-13.

Жарнама және хабарландыру қабылдау (редакция мекенжайы): ҚР, индекс: 050002, Алматы қ-сы, Жібек жолы 50, «Квартал» БО, 4 қабат, 404 кеңсе. **Тел:** 8 (727) 273-83-81 8 (778) 997-83-95

Прием рекламы и объявлений (адрес редакции): РК, индекс: 050002, г. Алматы, ул. Жибек Жолы 50, 4 этаж, 404 офис. **Тел:** 8 (727) 273-83-81 8 (778) 997-83-95

E-mail: 150240018148@mail.ru Газет аптасына 5 рет шығады (Сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі). Жазылу индексы: 64686 Таралым 4 000 дана. Тапсырма №423